

Э. Зұлпыхарова* , Қ. Базарбаев , М. Келеш 

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Қазақстан, Түркістан қ.

*e-mail: elmira.zulpiharova@ayu.edu.kz

КЕҢЕС БАСЫЛЫМДАРЫНДАҒЫ ТҮРКИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақала мазмұны Кеңестік басылымдарындағы Түркияға қатысты көзқарастары мен ұстанымдары, қос мемлекет арасындағы саяси байланыстарын айқындап, Ресей, Осман империясы ыдырағаннан кейін де өз жалғасын тапқан дипломатиялық байланыстарын қарастырады. XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басы көрші екі елдердің қарым-қатынастарын жаңа деңгейге көтерді. Түркия Республикасының жариялануы кеңестік баспасөзде, сондай-ақ әлемнің көптеген газеттерінде жария етілді. Өзара тиімді ынтымақтастық екі мемлекет үшін әскери қақтығыстарға қарағанда анағұрлым оң болды. Кеңес басылымдары Түркия Республикасының жариялануын, кеңес-түрік достық келісім-шартына қол қойылғанын кейін, осы желідегі мақалалар мен хабарламаларды баспасөз беттерінде жиі жариялап отырды. Кеңес үкіметінің өзге да басылымдарымен бірге, сол дәуірдің ең маңызды баспалары саналған «Правда» және «Известия» газеттері де Түркиядағы саяси оқиғаларды жіті қадағалап, дипломатиялық қарым-қатынастар, ресми келіссөздер, саяси-экономикалық келісімдер, тарихи кезеңдерде болған оқиғалар, әртүрлі елдермен қарым-қатынастар, тарихи тұлғалар жайлы жаңалықтарды жылдам таратып отырды. Зерттеу жұмысымыздың мақсаты Кеңес Одағы мен Түркияның кеңестік баспасөз беттеріндегі саяси байланыстарын айқындау, кеңестік газеттердің Түркияға қатысты көзқарастары мен ұстанымдарын талданып, сол кезеңдегі Кеңес Одағы, Австрияның, Мажарстан мен Ауғанстанның Түркияға қатысты саясаты айқындалады.

Түйін сөздер: Кеңес үкіметі, Түркия, Ататүрік, баспасөз, дипломатия, кеңес-түрік қарым-қатынасы, саяси үгіт насихат.

E. Zulpiharova*, K. Bazarbayev, M. Kelesh

Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Turkistan.

*e-mail: elmira.zulpiharova@ayu.edu.kz

Turkish issues in Soviet publications

The content of the article defines the views and positions of Soviet publications in relation to Turkey, political relations between the two states, considers mutual diplomatic relations that continued after the collapse of Russia and the Ottoman Empire. The end of the 19th century and the beginning of the 20th century brought the relations between the two neighboring countries to a new level. The proclamation of the Republic of Turkey was announced in the Soviet press, as well as in many newspapers of the world. The future of mutually beneficial cooperation was more positive for both sides than military conflict. After the proclamation of the Turkish Republic, the signing of the Soviet-Turkish friendship treaty, Soviet publications often published articles and messages in this network on the pages of the press. Along with other publications of the Soviet government, the newspapers Pravda and Izvestia, which were considered the most important publications of that era, closely followed political events in Turkey, quickly spread news about diplomatic relations, official negotiations, political and economic agreements, and events that took place in historical periods, relations with various countries, historical heroes. The purpose of our research work is to determine the political relations between the Soviet Union and Turkey on the pages of the Soviet press, to analyze the opinions and conclusions of Soviet newspapers about Turkish policy, to analyze the positions of the Soviet Union, Austria, Hungary and Afghanistan in relation to Turkey at that time.

Key words: Soviet government, Turkey, Ataturk, press, diplomacy, Soviet-Turkish relations, political propaganda.

Э. Зулпыхарова*, К. Базарбаев, М. Келеш

Международный казахско-турецкий университет имени Х. А. Ясави. Казахстан, г. Туркестан.

*e-mail: elmira.zulpiharova@ayu.edu.kz

Освещение материалов в Турции в советской периодической печати

Содержание статьи определяет взгляды и позиции советских изданий по отношению к Турции, политические связи между двумя государствами, рассматривает взаимные дипломатические связи, которые продолжались и после распада России, Османской империи. Конец XIX века и начало XX века вывели отношения между двумя соседними странами на новый уровень. О провозглашении Турецкой Республики сообщалось в советской печати, а также во многих газетах мира. Будущее взаимовыгодного сотрудничества было более позитивным для обеих сторон, чем военный конфликт. Советские издания после провозглашения Турецкой Республики подписания советско-турецкого договора о дружбе часто публиковали статьи и сообщения в этой сети на страницах прессы. Наряду с другими изданиями советского правительства газеты «Правда» и «Известия», считавшиеся важнейшими изданиями той эпохи, внимательно следили за политическими событиями в Турции. Быстро распространяли новости о дипломатических отношениях, официальных переговорах, политико-экономических соглашениях, событиях, происходивших в исторические периоды, отношениях с различными странами, исторических героях. Цель нашей исследовательской работы – определить политические отношения между Советским Союзом и Турцией на страницах советской печати, проанализировать мнения и выводы советских газет о турецкой политике, анализ позиций Советского Союза, Австрии, Венгрии и Афганистана по отношению к Турции в тот период.

Ключевые слова: Советское правительство, Турция, Ататюрк, пресса, дипломатия, советско-турецкие отношения, политическая пропаганда.

Кіріспе

XX ғ. басы Осман империясы үшін де, Ресей империясы үшін де қиын кезең болды. Бірінші дүниежүзілік соғыс қос империяны да әлсіретті, патшалық Ресей большевиктердің қол астында болған кезде, Анадолы аймағында басқыншы мемлекеттерге қарсы ұлттық күрес жүріп жатты. Басқыншы мемлекеттерге қарсы ұлт-азаттық қозғалыстың қаһарманына айналған Мұстафа Кемал Ататүрік, тәуелсіз мемлекет құру жолында көптеген қиыншылықтармен бетпе-бет кездесіп, нәтижеде жеңіске жетіп, тәуелсіз Түркия Республикасының іргесін қалап мемлекеттің басшысы атанды. Мұстафа Кемаль Ататүрктің басшылығымен азаттық күресін бастаған түріктер басқыншы мемлекеттердің құрсауында қалып, сыртқы күштердің көмегіне қажеттілігі туындайды. Бұл жағдай, Кеңес үкіметі мен Түркияны саяси жағынан біршама жақындастыра түсті. Еуропалық мемлекеттердің әлемді бөліп алу саясатына тосқауыл ретінде Кеңес үкіметі Түркияны таңдаса, ал Түркия Кеңестік Ресейден көмек тарту әрекеті бойынша өзара мүдделі болды. Большевиктер империализмге қарсы күресте Шығыстың барлық халықтарын өз жағымызда көреміз, тіпті бүкіл әлемге коммунизмді таратамыз деген ұранмен Түркиядағы саяси оқиғаларға ерекше мән берді. Ататүрік ресми түрде 1923 жылдан 1938 жылға дейін ел басшы-

сы болды, бірақ ол мемлекеттік саясатқа ерте-рек араласты (Erkmen, 2022:36). Мысалы, 1920 жылы Мұстафа Кемал Ататүрік В.И. Ленинге хат жазып, Кеңестік Ресейден әскери және қаржылай көмек алды. I-Дүниежүзілік соғыс жағдайындағы Осман империясының ыдырауы мен Түркия Республикасының құрылуына кеңестік басылымдар ерекше назар аударды (Yurdigul, Erdogan, 2019:273-294).

Материалдар мен әдістер

Бұл мәселені зерттеудің жетекші тәсілі тарихи ғылыми және әдеби дереккөздерді талдау әдісі болып табылады, оның көмегімен Ататүрік дәуіріндегі Түркия тарихының мерзімді басылымдарда қамтылуына қатысты бұрынғы ғылыми мақалалар зерттеліп, ақпарат жинақталды. 1920-1938 жылдардағы «Правда» және «Известия» газеттерінің мұрағаттық басылымдарына зерттеулер жүргізіледі. Зерттеуде тарихи-генетикалық әдіс, тарихи-жүйелілік әдісі, диахрондық талдау әдісі, синтез және дедукция әдістері, сонымен қатар салыстыру әдісі теі қолданылды. Мақалада талдау нәтижелері беріліп, кеңестік баспасөздегі Кеңес үкімет мен Түркия арасындағы мәдени-саяси қарым-қатынастары талқыланып, кеңестік газеттердің риторикасы кеңестік режим тұрғысынан түсіндіріліп, Кеңестік басылымдардағы Түркияға қатысты жаңалықтар са-

лыстырылады. Зерттеудің соңғы кезеңі тарихи-генетикалық әдісті қолданумен сипатталды, оның көмегімен зерттелетін кезеңдегі қалыптасқан кеңес-түрік қатынастарының байланысының негізгі себептері мен мотивтері анықталып талданады. Кеңес Одағы мен Австрияның, Венгрия мен Ауғанстанның келісімі, тараптардың әрқайсысының маңызы мен кеңес-түрік қарым-қатынастарын құру және дамытудағы негізгі ұстанымдарын көрсетеді.

Нәтижелер мен талдаулар

Түркияда қалыптаса бастаған пантүркістік идеяларды қолдаушылар мен ұлтшыл топтар Кеңес Одағымен достық ынтымақтастықты сынға алды, өйткені олар коммунизмді, Түркияның ұлттық мемлекеттілігі туралы доктринаны жоққа шығаратын дұшпандық идеология ретінде қабылдады. Олар КСРО-мен жақындасудағы басты қауіпті, екі империяның бұған дейінгі 250 жылдық жаулығы аясында, Кеңес Одағының Түркияға ықпалының күшеюі деп санады (Стоун, 2013:57-77). Елдегі ұлтшыл топтардың коммунизмнен бас тартуы, негізінен Кеңес Одағының бірқатар түркі халықтарын отарлау фактілеріне негізделді. Түрік баспасөзінде мемлекеттік билікке қатысты мұндай ашық сынның болуы кеңестік газеттердің биліктің іс-әрекетін көрсетуінен күрт ерекшеленді, бұл сол кезеңде Түркияда сөз бостандығының қалыптаса бастағанын көрсетеді. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін, әбден күйреген Австрияда жаңа саяси тәртіп қиындықпен орнады. Бұл жағдай Австрия мен Түркияны жақындастыра түскен маңызды фактор болды. Э.Саралдың түрік-австрия қарым-қатынастарын зерттеуі, Австрия баспасөзінде ұлттық күресті жоғары бағалаған Түркияның соғыстан соң, жаңа басқару аппаратын қолдап қуаттаған біршама мақалалар жарық көре бастады (Saral, 2022:76). Мысалы, Венаға тұңғыш түрік елшісі ретінде жіберілген Мехмет Хамди бей 1925 жылы Австрия газетіне берген сұхбатында Түркияның Австрияға көзқарасын былайша көрсетеді:

«Мен мұнда қандай қуанышпен келгенімді білесіздер; Шығыста тұратын біз Орталық Еуропа туралы айтқанда, Австрия мен Вена туралы ойлаймыз. Түркия Еуропамен достық қарым-қатынаста өмір сүріп, еуропалық мәдениетті бойына сіңіргісі келеді». Елшінің жоғарыда келтірілген дәйексөзі түрік саясаты мен республиканың кеңестік басылымдарда қалай

көрсетілгендігі арасындағы анық сәйкессіздікті көрсетеді. 1935 жылы Австрия Түркияға бірінші елші ретінде жіберген Август Риттер фон Крал (1869–1953) жаңадан құрылған Республиканы сипаттайтын өз жазбаларын жинақтап кітап етіп басып шығарды. Ұзақ жылдар Балқан түбегінде Австрия Сыртқы істер министрлігінде қызмет еткен дипломат түрік тілі мен түрік мәдениетін білумен қатар, жаңа түрік революциясының белсенді жақтаушысы болды. Крал өз зерттеуінің басым бөлігін Кемалистік Түркия құрылымындағы тарихи құбылыс туралы хикая деп көрсетсе, кітапты жазудағы мақсаты жаңа Түркия туралы ақпарат тарату, көзқарастарды жою және өзінен бұрынғылардың қателіктерін түзету болды. Осы зерттеу барысында қаралған «Правда» және «Известия» газеттерінде мұндай бірде-бір мақала кездеспейді. Кеңес үкіметінің іс-әрекетінің дұрыстығын растауды кеңестік баспасөз, Түркияны жариялаудағы басты мақсат етіп таңдады. Сонымен қатар, Кралдың «Ататүрік және төңкерістер» туралы кітабы жарық көрген соң, Кралдың сенімді өкілі Норберт фон Бишофф (1884-1960) Түркия туралы біршама еңбектер жазды. Ол Ататүрікке деген құрметін көрсетуге тырысқан еңбегінде, Түрік революциясын тарихтағы басқа революциялармен салыстырып, Ататүрікті жеңімпаз тұлға етіп көрсетуге тырысты.

Ататүрік тұсындағы түрік мәдениетіне қатысты тың зерттеулер жүргізген Д.Генч Акар Австрия президенті Вильгельм Микластың 1932 жылдың басында Венада өткен «Түркияның 700 жылдығы» көрмесінің ашылуында сөйлеген сөзінде Австрия-Түркия қарым-қатынасына тоқталған мәлімдемесін былайша келтіреді: «Бұл көрме кейбіреулерге түріктермен болған ұзақ соғыстарымызды еске түсіруі мүмкін. Бірақ бүгінгі қуанышты сәтте, өткен оқиғаларды еске түсірмеген жөн. Керісінше, біз Түркия мен Австрия арасындағы қазіргі таңдағы күшті саяси және мәдени қарым-қатынастарымызды жоғары бағалауымыз керек. Осы орайда, Орталық Еуропа мен Австрияда жаңа Түркияның күн санап дамып, өркендеп келе жатқандығына біз қуанышты жағдайда бақылап отырғанымызды жеткізгім келеді. Түркияның өркендеуіне Австрия да үлес қосып келеді. 1932 жылғы Австрия Президенті мен 1923 жылғы КСРО Орталық Атқару Комитетінің төрағасы М.Калининнің, Түркиямен қарым-қатынасы туралы көзқарасын салыстыра отырып, Батыс пен КСРО-ның Түркияға қатысты ниеттердің ұқсастығын көруге болады. Бір

қызығы, түрік дипломатиясы қарым-қатынастың көпвекторлылығын қолдап, Түркияға деген мұндай оң көзқарастардың әр мемлекет тарапынан жеке қалыптасқанын қалады. А.Дуранның түрік-мажар қатынастарының саяси құрамдас бөлігін зерттеуі мажар халқының, Мұстафа Кемалдың басшылығымен Анадолыда империализмге қарсы тәуелсіздік үшін жүргізілген түрік соғысын зор қызығушылықпен бақылағанын көрсетіп, түріктердің Севр келісіміне қарсы ұстанымы Мажар үкіметі мен халқының үмітін оятты. Жаңадан құрылған Түркия Республикасын мойындаған алғашқы мемлекеттердің бірі Мажарстанмен достық туралы алғашқы шартқа қол қойылып, екі ел арасындағы заманауи қарым-қатынастардың негізі қаланды. (Duran, 2017: 560–572). Бұл жағдай 1920 ж. орын алған кеңес-түрік қарым-қатынастарының басталуы мен дамуын дәл қайталаған саяси оқиға болды.

Зерттеуші Э.Курттың пікірінше 1918 жылы 30 қазанда қол қойылған Мудрос бітімінен кейін Анадолының басып алынуын, мажарлар мен қатар бүкіл Еуропа да жіті бақылаған отырған еді. Ол өз зерттеуінде мажарлардың түрік халқының ұлт-азаттық күресіндегі ерік-жігеріне тәнті болғанын сипаттайды. Ұлттық күрес кезінде мажарлардың қолдауын сезінген түріктер, Еуропадағы барлық халықтардан гөрі мажарларға сенім артты, ал мажарлар басқа ұлттардан гөрі түріктерге жақын болды (Kurt, 2022:65-71). Осылайша бұл жағдай, Кеңестік басылымдар жазған Түркияның азаттық соғысын Кеңестік Ресейдің қолдауымен сәйкес келеді. Осы сарында Мажарстанда ұлт-азаттық күрес туралы көптеген мақалалар жарық көрді. Бұл бағытта О.Дегер көптеген зерттеулер жүргізген. Ғалымның зерттеуі бойынша Мажар баспасөзі Мудрос бітімінен кейін Анадолының әртүрлі аймақтарын негізінен ағылшындар мен француздардың басып алғанын, түрік әскерлері қаруын тастағаннан кейін де жазды. Мудрос бітімінің ережелеріне сәйкес армяндар да үлкен шабуыл жасады. Гректердің Измирді басып алғаннан кейін, түріктердің нағыз ерлікпен қарсыласуын алға тартқан мажар басылымдары, грек басқыншылығына тек түрік элитасы ғана емес, бүкіл халық наразылық танытқанын атап көрсетті. Мажар баспасөзі Анадолының басып алынуына бүкіл түрік халқының жұмыла қарсылық көрсеткендігін, басқыншы мемлекеттердің елді бөлшектеу саясаты, түптеп келгенде түрікшілдікті де жоятындығын атап өтіп, ұлттық күресті одан бетер өршелендіре

түскендігін атап өтті. Сонымен бірге мажар баспаларында, Мұстафа Кемал Ұлттық күрестің басты қаһарманы ретінде көрсетілген. Баспа беттерінде оның ерлікпен күресін, сондай-ақ орыс большевиктік революционерлерімен дипломатиялық қарым-қатынас орнату жолдарын қарастыру әрекеттерін жариялады (Değer, 2022:439-443). Нәтижесінде Мұстафа Кемал большевиктермен дипломатиялық қарым-қатынас орнатып, Анадолыдағы басқыншы мемлекеттерге қарсы тойтарыс берді, бұл саяси жағдай кеңестік баспасөзде белсенді түрде көрініс тапты.

Кеңес Одағы Мұстафа Кемалдың бұл саясатына оң баға берді, бірақ мажарлардың пікірінше, Мұстафа Кемал бұл тактикасымен Батысқа қарсы айла-шарғы жасады деп есептеген. Й.Хораттың зерттеуінде мажарлардың саяси элитасы мен сарапшылары, Мұстафа Кемалдың большевиктермен байланыс орнатуы ұлт-азаттық қозғалысының нәтижесі коммунистік құрылымға ие болады деп күтпегендігі және мұндай саясаттың басты себебі Анадолыны уысында ұстағысы келген британ үкіметі мен Ллойд Джорджға бағытталған болуы мүмкін деп топшылайды (Horata, 2009: 76).

Мажар баспасөзі Ұлттық күрес пен Мұстафа Кемалға ерекше мән беріп, түріктердің Анадолыдағы ұлт-азаттық қозғалысын қолдап отырды. Сонымен қатар, Мажарстанда түрік ұлттық күресін қолдаушылар мажар тұраншылары болды. Олар туралы Д.Қарагүлмез мажар халқының көзқарасы тұрғысынан түрік ұлттық күресін зерттеген. Оның пікірінше, түркілерді бауырлас халық ретінде көрген мажар тұраншылары Анадолыдағы көтеріліс пен ұлттық қарсылықты қолдаған. Олардың түріктерге жасаған ең үлкен қолдауы, Еуропадағы түріктердің де Анадолы түріктерімен бірге екендігін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихаттап отырды. Мажарстандық тұраншылардың бірі Андор Медрицкий Мұстафа Кемалды бүкіл түркі халқының құтқарушысы деп мәлімдеді. Оның айтуынша, бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін де Мұстафа Кемалдың еуропадағы түрік ұлтының азаттығы үшін алаңдайтынын баяндады. Кеңестік баспасөздің жарияланған жазбаларымен салыстырғанда мажар халқы түрік ұлт-азаттық қозғалысын белсендірек қолдады деп топшылауға болады. Кеңестік Ресей Түркияға осы кезеңде саяси және экономикалық көмек берсе, ал Мажар халқы идеологиялық қолдау көрсетіп отырған.

Ф.Февзидің зерттеуі барысында қарастырылған Ауғанстандағы Ататүрік туралы зерттеулерінде түрік-ауған қарым-қатынастары Осман империясы тұсында басталғанымен, ресми және саяси тұрғыда қалыптасқан қатынастар Мұстафа Кемал Ататүрік тұсында өзінің шарықтау шегіне жеткенін алға тартады. Түркия Республикасының аумалы-төкпелі жылдарында Ататүрік басқарған жаңа мемлекет бауырлас Ауғанстан елін назардан тыс қалдырған жоқ. Ауған басшысының өтінішін орындаған Ататүрік түрік ғалымдарын Ауғанстандағы көптеген мемлекеттік мекемелерге жіберді. Осылайша алғаш рет Ауғанстанда заманауи білім беру Ататүріктің арқасында басталып, 1928 жылы ауған қыздары алғаш рет Түркияға оқуға жіберілді, бұл туралы Ауған баспасөзінде (Fevzi, 2021:73-76). арнайы жазылып, Ататүріктің халықаралық кеңістікте ұлы тұлға және білім беру реформаторы ретіндегі беделі нығая түсті.

П.Окур Ататүрік тұсында түрік баспасөзіндегі халықаралық қатынастардың жариялануын зерттеді. Оның зерттеулері басылымдардың Ұлы Ұлттық Жиналыс әрекеттерін жан-жақты қолдауға бейімділігін атап өтті. Бұл негізінен 1920 жылы Ататүріктің «Хакимет-и Миллийе» («Ұлттық заңдылық») атты ұлтшыл газет ашуымен байланысты болды. Сол жылы Ататүріктің ұйғарымымен тағы бір газет (ұлтшылдық бағытта) ашылды; ол «Анадул» деп аталды (Ogur, 2021:3). М.Алрмизан да түрік баспасөзінің дамуын зерттеуде бұл мәселені зерттеген. Ғалымның еңбегінде Ататүрік өз баспасөзін қалыптастыруының арқасында қоғамдық пікірге көбірек ықпал етуі, 1919-1922 жылдардағы Тәуелсіздік соғысы кезінде Османлы үкіметін қолдаған баспасөзге қарсы тұра алғаны айтылады. (Alrmizan, 2019:42). Жалпы алғанда, өткен ғасырдың 20-30-шы жылдарында көптеген мемлекеттерде басқарудың авторитарлық қағидаттары әлі де сақталып келгені, бұл мерзімді басылымдардағы ақпараттарға азды-көпті әсер еткені анық. 1920 жылы Мұстафа Кемал Ататүрік Кеңес үкіметіне хат жазып, орыс-түрік қарым-қатынастарын жан-жақты дамыту ниетін білдіре отырып, Кеңестік Ресейден қаржылық және әскери көмек сұрады. Ататүрік хатында Батыс империализміне қарсы бірлескен күштермен күресуді ұсынды. 1920 жылы 9 маусымда «Известия» газеті Сыртқы істер халық комиссары Г.В. Чичерин, Ататүрікке жолдаған хатында екі тарап бірлесе күресуге және барлық ұлттармен халықтардың азаттығы үшін бірге жұмыс жасауға

дайын екендігін айтты. Кеңес үкіметі Түркияның жаңа үкіметінің сыртқы саяси ұстанымдарына қолдау білдіріп, екі жақты келіссөздердің көмегі арқылы Парсы (қазіргі Иран) және Армения арқылы шекараны орнатуға болатынын айтты. Кеңес үкіметі Түркияға жолдаған үндеуінде халықтардың өзін-өзі билеу құқықтарын жүзеге асыру үшін, түрік тарапының шақыруымен кеңестік дипломаттардан құралған делегация өзінің миссиясын орындау үшін, Анкараға келуге дайын екенін жеткізді.

Екі мемлекеттің аумағында дипломатиялық қарым-қатынас орнату және елшіліктер ашу ұсынылды. Чичерин: «Кеңес үкіметі түрік халқының өз тәуелсіздігі мен егемендігі үшін жүргізіп жатқан қаһармандық күресін үлкен қызығушылықпен бақылап отыр, және осы қиын күндерде түрік және орыс халықтарын достық біріктіруі керек» деп атап өтті («Известия», 1920). 1921 жылы Түркияда бірнеше коммунистер тұтқындалып, кейін олардың өлім жазасына кесілуі, орыс-түрік қарым қатынасын біршама салқындатып жібергендей болды (Емельянова, 2018:238-249). Бұл жағдай 1921 жылғы Лондон конференциясы қарсаңында Кемал үкіметінің Англиямен астыртын байланыс орнатып жатыр деген әрекетпен көрсету үшін әдейілеп жасалуы мүмкін еді, бірақ түріктер бұл жағдайдың қасақана жасалғанын жеткізіп, Ататүрік Кеңестік Ресеймен сыртқы байланысын күшейте түсті. Бұл туралы «Правда» газетінде «Түркия мен мұсылман елдеріндегі кеңестік басқару әдістері мен халифатты біріктіру мүмкіндігін мойындайтын коммунистердің берік өзегі бар» – , деген мақала жарияланды («Правда», 1921:3).

Осылайша аз уақыттың ішінде орыс-түрік қарым-қатынасының бағыты өзгеріп, Ресей баспасында айтылғандай сол кездерде Түркияның ең үлкен, тіпті жалғыз қолдаушысы Кеңес өкіметі болды. Түркияда Ұлттық күрестің басталуымен екі ел арасындағы ынтымақтастық одан әрі жақсарды. Бұл достық еш күмәнсіз баспаларда жарияланды. Кеңес баспаларында Түркия туралы ешқандай жағымсыз хабар жарияланбады. Керісінше түрік әскерлерінің ерлігі мен жетістіктері туралы баспада жиі жарияланып тұрды. Басылым беттерінде түріктердің әскери жеңістері мен жетістіктері жайлы айтылып, Түркияның империалисттерге қарсы күресінде Кеңес одағының – Түркияның жанында болғаны баяндалып, екі ел арасындағы достық қарым-қатынасы баса айтылады. Бұл достық Республиканың жариялануыменен тағыда өз

жалғасын тапты. Кеңес Одағы Түркия Республикасы құрылғаннан кейін алғашқы құттықтау жеделхатын жіберген елдердің бірі болды. Ол жылдарда Түркияға байланысты Ресей баспасында ең көп Известия газетінде жаңалықтардың жарияланғанын көруімізге болады. Известия газетінің 1919 жылы 23 Сәуірде жарияланған 85-нөмірінің негізгі тақырыбы Түркияға арналған болатын. Бұл османлы жерінде қалыптасқан толқулар Азиядағы алғашқы Кеңестік кезең еді. Бұл кезең одақтас мемлекеттердің Ресейді қыспаққа алып шарасыз жағдайда қалдырған кезеңі, Қара теңізді орыс және түрік жұмысшыларының теңізіне айналдырады және революцияның Балқанда, Оңтүстік Кавказда, Азия мен Африкада таралуына жол ашылып, Ресей және Түркия халықтарының бауырлас мемлекеттер екендігі жарияланды.

Мақаладағы ең маңызды мәселе Түркияда қандай да бір өзгеріс болса, мұның әсері Балқан, Қара теңіз, Кавказ, Таяу Шығыс және Солтүстік Африка аймақтарына тікелей әсер ететіндігі баяндалған. Жалпы, осы кезеңде жарық көрген «Правда» газетіндегі Түркия туралы жаңалықтарды саралайтын болсақ, 11 негізгі көлемді тақырып және 13 тақырыпша бар екенін байқауға болады. Жарық көрген мақалалардың басым көпшілігі «Түркияда» деген мәтінмен жарияланған. Мақалалар саяси оқиғалар мен соғыстарды көбірек қамтиды. Бұл кезеңнің алғашқы жаңалығы 1920 жылы 26 желтоқсандағы «Түркияда» деген басты тақырып болды. Тақырып «Анкара Ұлы Ұлттық Мәжілісінің талаптары» деп берілді. Материал мазмұнында Анкара Ұлы Ұлттық Мәжілісі Севр келісіміне өзгерістер енгізіп, Измир, Фракия және Адананың Түркияға қайтарылуын талап етіп, капитуляциялардың толығымен жойылып, экономикалық тәуелсіздік талап етті. Ұлтшылдардың Анадолы, Кавказ және Орталық Түркістанда мұсылмандарды жақындастыруға белсенді түрде күш салып, мекемелер құрғаны және әскери жұмылдырудың бір мезгілде басталғаны хабарланды. Сонымен қатар, жаңалықтарда Ыстамбұл мен Анкара арасында келіссөздер басталғаны хабарланды. Ресей баспасы Ұлттық күрес майданындағы жағдайды мұқият қадағалап, оқиғаларды өз баспаларында жариялап отырды. Қол жеткізген мәліметтерін «Кемалистер (революционерлер) жеңіп жатыр» деп жариялады. «Известия» газетінің 1920 жылғы 12 шілдедегі 152-санында Мұстафа Кемалдың Анадолыға барып, онда соғысқа

дайындалуға байланысты үндеу жасағаны айтылады («Известия», 1920:2). Сол газеттің 1920 жылғы 2 желтоқсандағы 271-санында Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің (ТҰҰМ) соғысқа дайындалу арқылы біршама ірі жеңістерге қол жеткізгендігі баяндалады («Известия», 1920:7). Кемалисттердің қарулы күштері туралы кейбір мәліметтер орыс газеттерінде толық мәтінде жарияланды. Мирсейіт Сұлтанғалиев 1920 жылы 19 мамырда жазған мақаласында «Кувайи Миллие» жасақтарының жақсы дайындалған 200 мың қаруы бар әскері жайлы айтады («Известия», 1920:9). «Известия» газетінің 1920 жылғы 9 шілдедегі 149-шы санында «Анкара үкіметінің қарулы күштері 500 мыңнан астам болды» деп жазылған. Сол газеттің 1920 жылғы 25 желтоқсандағы 291-санында 1921 жылғы санында 150 мың адамнан тұратын әскер жасақтау үшін қаржы қарастырылғаны айтылады. 1920 жылғы 28 желтоқсанда жарық көрген мақаланың негізгі тақырыбы «Правда» газетінің 2 бетінде «Түркияда» деген айдармен басылды. Бұл хабарламада Анкара үкіметінің елшісі Али Фуат Пашаның Мәскеуге барғаны айтылады. 1920 жылы 31 желтоқсанда газеттің жарық көрген №8 санында «Кемалистер жеңісі» атты мақала жарияланып, кемалшылардың басқыншылар қолынан біршама жерді қайтарып алғаны хабарланды. Тағы бір жаңалықтың атауы «Кемалистер конгресі» болды. Хабарда Кемалистік Ұлттық Жиналыс мүшелері мен әскери делегаттардың қатысуымен өткен съезде тек большевиктер мен кемалистер арасындағы қарым-қатынастардың талқыланып отырғаны айтылады. 1921 жылдың 1 қаңтарындағы хабар басқа жаңалықтарға қарағанда кеңірек таралды. Газет санының 2-бетінде берілген жаңалықтың тақырыбы «Түркия және Ресей» деген тақырыппен басылып шықты. Хабарда Кемал Пашаның Анкара мен Ыстамбұл үкіметтері арасында жасалатын келіссөздеріне кейбір қажетті шарттарды қосу үшін Ыстамбұлға өз адамдарын жібергендігі айтылады. 1921 жылы 1 қаңтарда жарияланған хабарда «Түркияда» деген негізгі айдар жарық көрді.

Мақала мәтінінде Түркияда Коммунистік партияның халық арасында да, Ұлттық Мәжіліс депутаттары арасында да қолдаушылары көп екені хабарланды.

1923 жылы Мұстафа Кемал Ататүрік Түркия президенті болды, «Правда» басылымы КСРО Орталық Атқару Комитетінің (ЦСК) төрағасы М.И. Калинин түрік халқы мен үкіметіне

құттықтау жолдады: «Мен КСРО халықтары мен одақтас үкімет атынан бауырлас түрік халқын Түркия Республикасының жариялануымен шын жүректен құттықтаймын. Деспотиялық монархиялық режимді жеңіп, жаңа мемлекеттің негізін қалаған маршал ғазы Мұстафа-Кемал Паша! Сізді Түркия Республикасының Президенті болып сайлануыңызбен және одақтас мемлекеттердің басқыншылық соғысына қарсы, өз ұлтыңызбен қаһармандық күресінің тамаша нәтижесімен сізді құттықтаймын. Мен Түркия мен КСРО халықтары мен үкіметтері арасындағы мызғымас достық байланыстары одан әрі нығайып, екі мемлекеттің гүлденуіне ықпал ететініне сенім білдіремін» делінген («Правда», 1921:3). Осылайша, бұл мақалада Президент Ататүріктің арқасында Кеңес Одағы мен Түркия арасындағы достық нығайтылып, одан әрі дами түсетініне сенім білдірілген. Оған жауап ретінде Мұстафа Кемалдың өзі де кеңес-түрік қарым-қатынасының одан әрі дамуына сенімін білдірді (Багиев, 2008: 68-74).

КСРО мен Түркия арасындағы мәдени алмасу, басқа да салалармен қатар спорт саласына да өз әсерін тигізді. Кеңес футболшыларының 1925 жылы Түркияға футбол матчын өткізуге келуі, түріктердің қызығушылығын тудырып, кеңестік спортшыларға деген жағымды көзқарас қалыптастырды. Сапарға келген спортшылардың естеліктері кейіннен «Известия» басылымында мынадай мәтінде жарияланды: «Пойызымыз аялдамаға тоқтаған сәттен бастап, бізді музыкалық оркестрмен және құрмет баннерлермен қарсы алды. Біздің келуіміз бүкіл Анкараны дүр сілкіндірді. Жарыс күні спорт алаңында халықпен бірге министрлер, мәжіліс депутаттары, елшілер де келіп жарысымызды тамашалады. Біздің бұл сапарымыз КСРО мен Түркия арасындағы өзара достық байланысты нығайтуда зор үлесін қосады» делінген («Известия», 1925:4). Бұл естеліктерден түрік үкіметінің кеңестік рәміздерге құрмет көрсету арқылы кеңес делегациясымен кездесуіне қалай әрекет еткенін де байқауға болады (Алиева, 2020:48-55).

Одан кейінгі жылдары Ататүрік билігі тұсында Түркия уақыт пен өлшем бірліктерін халықаралық деңгейде қабылданған форматқа негізделген күнтізбелік және өлшем жүйесін реформалауды (1925-1931жж.) қамтитын бірқатар реформалар мен жаңалықтарды бастан өткерді. 1926 жылы әйелдерге ерлермен тең құқықтар беру кезеңі басталып, бұл процесс

ресми түрде 1934 жылға дейін жалғасты. 1928 жылы мемлекет латын әліпбиіне көшірілді. Осыған дейін Түркияда осман түрік әліпбиі (араб әліпбиінің нұсқасы) қолданылған. Бұл реформа мемлекетті одан әрі еуропаландыруға және араб әлемінен алыстауға мүмкіндік берді. Түркияның өнеркәсіптік дамуының 1-ші және 2-ші жоспарларының бір бөлігі ретінде 1933-1937 жылдардағы ауқымды жол құрылысын да атап өткен жөн. 1937 жылы 5 шілдеде «Правда» газеті бірқатар кеңестік және түрік басылымдарына сілтеме жасай отырып, түрік министрлерінің КСРО-ға сапары туралы мақала жариялады. Мақалада кеңес-түрік қатынастары туралы оң пікірлер келтірілгенін атап өту маңызды:

АНКАРА, 3 шілде. Түрік баспасөзі Түркия Сыртқы істер министрі Теффик Рюшту Арас пен Ішкі істер министрі Сукру Каяның 12 шілдеде Мәскеуге жасайтын сапарына баса назар аударуда. Бүгінгі газеттердің барлығы дерлік кеңес-түрік достық қарым-қатынастарының даму перспективаларын қорытындылап, айқындап береді. Юнус Нади «Джумхуриет» газетінде «Кеңес-түрік достығы» деген айдармен берілген мақаласында: «Біз халықаралық жағдайдағы қиыншылықтарға қарамастан КСРО-ға деген достық ниетімізді білдіре отырып, достығымыздың шынайы болғанына дән ризамыз. Ұдайы дамып келе жатқан кеңес-түрік достығы мәңгі жасай бермек. «Одан әрі екі елдің достық қарым-қатынасының дүниежүзілік бейбітшілік пен тәуелсіздік үшін күресіндегі маңыздылығын атап көрсете отырып, автор былай деп жазады:

«Басқалар не ойласа да, біз көрші ұлы елде, тату халық тұратынына сенімдіміз және бұл ел әлем бейбітшілігінің мүддесі үшін мұқият қарастырылуы керек». Ялман «Тан» газетінің бас мақаласында Түрік халық партиясының бас хатшысы ретінде елдің әлеуметтік, экономикалық және саяси өмірінің көшбасшыларының бірі болып табылатын Шүкрю Кая сапарының одан әрі ерекше атап өтілгенін атап көрсетіліп, Түркияда кеңес-түрік достығына шынайы мән берілді.

Автор әлем тыныштығы үшін күресте кеңес-түрік достығының маңыздылығын ерекше атап көрсетеді: «Екі ел де, аз уақыттың ішінде әлем бейбітшілігінің мүдделеріне белсенді қызмет ету позициясын ортақ ұстана алды. Азим Ус «Курун» газетінде былай деп жазады: «Түркия мен Кеңес Одағының достығы шынайы сипатта қалыптасып келеді. Оның үстіне бұл елдер арасында Еуропадағы бейбітшілікті ұйымдастыруға қатысты ортақ көзқарастары қалыптасып келеді.

Кеңес-түрік ынтымақтастығы қазіргі Еуропадағы бейбітшілік ісі үшін тәуелсіз құндылық болып табылады. Көптеген нақты мысалдармен дәлелденген бұл шындықты насихаттауды біз парызымыз деп білеміз». АНКАРА, 4 шілде. Бүгін түстен кейін Түркияның Ішкі істер министрі және Халықтық партияның бас хатшысы Шүкрү Кая Халық партиясы Орталық Комитетінің мүшесі Рахми және депутат доктор Шүкрү Османмен бірге пароходпен Ыстамбұлдан Константинополге жолға шықты. Бухарест пен Прага арқылы Мәскеуге барады». («Правда», 1937:4). Қарастырылып отырған кезеңнің соңғы жазбасында «Правда» газеті Мұстафа Ататүріктің қайтыс болуына арналған өмірбаяндық жазбасын ұсынды, мәтінде Президент ретіндегі қызметін қорытындылады: «Империалистік интервенцияны жеңгеннен кейін Мұстафа Кемал Түркияны толығымен өзгерткен бірқатар ірі саяси және мәдени реформалар жүргізді. 1922 жылы 1 қарашада Сұлтандық жойылды, 1923 жылы 29 қазанда Түркия республика болып жарияланды, Мұстафа Кемал республика президенті болып сайланды.

Республикалық кезеңде Түркия бұрынғы Осман империясының феодалдық-теократиялық жүйесін жойды: халифат жойылды, шіркеу мемлекеттен бөлініп, мұсылмандық діни секталар жойылды, әйелдердің құқықтары ерлермен теңестірілді, ескі араб әліпбиінің орнына жаңа латын әліпбиі енгізілді. 1920 жылы сәуірде Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісі ашылғаннан кейінгі алғашқы күндерде Мұстафа Кемал Кеңес үкіметіне хат жолдап, дипломатиялық қарым-қатынас орнатуды ұсынды. Осы кезден бастап Түркия мен КСРО тығыз достық қарым-қатынаста болды («Правда», 1938:3).

Мұстафа Кемал Ататүрік 1938 жылы 10 қараша бейсенбі күні Долмабахче сарайында сағат 9.05-те дүниеден өтті. Мұстафа Кемал Ататүріктің қайтыс болғаны 1938 жылдың 10 қарашасында Түркия Республикасы Үкіметінің ресми хабарламасымен жұртшылыққа жарияланды.

Ататүріктің қайтыс болуына байланысты Анкарадағы және орталықтағы барлық ресми кеңселер, партия ғимараттары мен қоғамдық орталықтар өздерінің туларын жартылай түсірді (*Ayun Tarihi*, 1938:20-21).

1938 жылы 11 қарашада Кеңес баспасөзі Ататүріктің қайтыс болғанын хабарлап қана қоймай, Ататүріктің қайтыс болуына байланысты кеңестік мемлекет қайраткерлерінің көңіл айту

жеделхатын да газеттің ең алғашқы беттерінде жазған болатын. Алайда Түркияға көңіл айту жеделхатын жолдағандардың арасында Сталиннің болмағаны назар аударарлық. Көптеген елдер премьер-министрлері және министрлер деңгейіндегі азаматтары жерлеу рәсіміне қатысса, Кеңес Одағының Сыртқы істер халық комиссарының орынбасары, Түркияда болған елшісі және Қара теңіз флотының 2-дәрежелі флагманы деңгейіндегі азаматтарын жаназаға қатыстырды. Нашарлай бастаған қарым-қатынас Ататүріктің өлімі туралы жарияланған хабарда көрінбесе де, 1936 жылғы Монтре келісім-шартынан кейін және Екінші дүниежүзілік соғыстан алдыңғы кезеңдерде байқала бастады. Бұл салқындық кейіннен баспаларда аздап көрініс таба бастады.

«Ұлыс» газеті президенттің қайтыс болуына байланысты арнайы нөмір жариялады («Правда», 1938:5). Ататүріктің өлімінен туындаған қайғыдан басқа сол күнгі баспасөзде Түркиядан тағы екі жаңалық жарияланды. Бұл Исмет Инөнунің президент болып сайлануы туралы «Соңғы сағатта» деген қысқаша хабар тарайды («Правда», 1938:1). «Известия» және «Правда» газеттерінде Исмет Инөнді қысқаша өмірбаяны қамтылды.

Түркияның тұңғыш президентінің қайтыс болуымен елдің сыртқы саясаты айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Ататүріктің мұрагері Исмет Инөнү мемлекеттегі басшылық қызметтерге оппозиция өкілдерін тартумен қатар, Батыс елдерімен жақындасу бағытын ұстанды. Түркияның Екінші дүниежүзілік соғыстағы позициясы кеңес-түрік қарым-қатынастарын алшақтата түсті.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелеріміз көрсеткендей, Ататүрік дәуіріндегі кеңестік баспасөзде жарияланған Түркия туралы хабарламалар мен мақалалар, екі ел арасындағы қарым-қатынастарында маңызды рөл атқарғаны ешқандай күмән тудырмайды. Дегенмен, достық байланыстарын нығайтуға талпынған екі елдің бұл әрекеттері баспасөз беттерінде ұдайы жарияланғанымен, бұл жағдай орыс-түрік қарым-қатынасының барлық қыр-сырын толық ашуға мүмкіндік бермейді. 1920-1930 жылдардағы Түрік үкіметі кеңестік социалистік идеологияны құп көргенімен, саяси-мәдени байланыстарының ұдайы дамып, өміршең болуына ұлтшылдар мен кейбір

топ өкілдері күмәнмен қарады. Кеңес үкіметінің Ататүрік және ТҰҰМ-мен берік одақтастық қарым-қатынастар орнату мәселесі Батыстың одақтас мемлекеттеріне сілтеме жасай отырып, «менің жауымның жауы — менің досым» қағидасына негізделген. Сонымен қатар, кеңестік газеттер КСРО халқы үшін Ататүрікті империалистерге қарсы күрескер ретінде көрсетті, бұл жағдай да кеңестік идеологияға сәйкес келеді. Осы факторлардың барлығы Кеңес Одағы үкіметінің Түркияны капитализмге қарсы күресте стратегиялық серіктес ретінде қарастыруына ықпал етті. Сонымен қатар, Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы шиеленістің күшеюі, Ресей шекарасына жақын орналасқан мемлекеттерге шетелдіктердің енуінен қорғаудың геосаяси қажеттілігін күшейтті. Кеңестік сыртқы саясат шекарасында жауласушы мемлекеттердің болуына жол бермеу үшін қару-жарақпен қатар экономика, дипломатия, мәдени байланыстарды қолданды.

Сонымен қатар, зерттеуде қарастырылған Австрия, Венгрия және Ауғанстан басылымдарында Түркияға жасалған сілтемелер Түркияның белгілі көп векторлы саясатын көрсетеді, оның негізінде Кеңес Одағымен достық қарым-қатынастардан экономикалық пайданы бір мезгілде алуға ұмтылу, саяси Еуропадағы төрттік альянстағы бұрынғы одақтастарды қолдау және Таяу Шығыстың аз дамыған мұсылман мемлекеттеріне мәдени экспансия жасау болды. Сонымен қатар, түрік қоғамының бір бөлігінде антикеңестік көңіл-күй байқалды. Бұл жағдай уақыт өте келе екі мемлекет қарым-қатынастарының алшақтай бастағанын да көрсетеді. Әрі қарайғы зерттеулерде Түрік мәдени-саяси өмірін кеңестік ғылыми зерттеулер арқылы Ататүрік билігі кезіндегі Түркия тарихын жариялауға назар аудару ұсынылады. Бұл кеңес ғалымдарының түрік-ресей қатынастарындағы геосаяси тәсілдерінің қыр-сырын түсінуге, сондай-ақ кеңестік басылымдардағы сөз бостандығын бағалауға мүмкіндік берді.

Әдебиеттер

- Алиева С. И. (2020). Новые источники о Великом Национальном Собрании Турции: к столетию открытия ВНСТ. История и современное мировоззрение. Т 2. №1, – С.48-55.
- Alrmizan M. (2019). Türk Basınının Tarihsel Gelişimi: Başlangıcından Günümüze Türk Basınının Tarihsel Gelişimi: Başlangıcından Günümüze. Dirasat – P.42.
- Ауыл Тарихі. (1938). Sayı 60 Mükerrer, 1-30 2. Teşrin (Kasım) – s. 20-21.
- Багиев А. (2008). Турция в интерпретации газеты «Правда» за 1938 год. Известия Саратовского университета. Новая серия. Филологический сериал. Журналистика, – С. 68-74.
- Стоун Д. Р. (2013). Советский экспорт вооружений в 1920-е годы. Журнал современной истории, 48(1). – С.57-77.
- Değer, Ö. (2022). «Cahit Arf'ın Atatürk Üniversitesi'ndeki (Erzurum) Halk Konferansları». Osmanlı Bilimi Araştırmaları 23, S – 439-443.
- Duran, A., Çalik Orhun, F. (2017): A Section of Turkish-Hungarian Relations in the Republican Era: Ambassador «Behiç Erkin» to Budapest (1928–1939). Journal of Academic Research 5(46): 560–572.
- Емельянова Е. Н. (2018). Советская политика в отношении к Турции и Южному Кавказу в 1920-1921 гг. Научный диалог. №9, – С. 238-249.
- Erkmen A. (2022). Atatürk'ün Önderliğinde Tarımın Geliştirilmesi ve Köylülerin Modernizasyonu. Uluslararası Modern Bilimsel Araştırma Kongresi – III. İstanbul-Türkiye – S.36.
- Fevzi F. (2021). Atatürk'ün Afganistan'daki İmajı. Konferans: 9. Uluslararası Atatürk Kongresi, Amasya-Türkiye. – S.73-76.
- Horata, Y. (2009). Atatürk Dönemi Kültür Politikası. Ankara: Maltepe. – S.76.
- «Известия», (1958) 9 июня 1920. Документ внешней политики СССР. МИД. Т.2. Москва: Гос. изд-во политической литературы. № 123 (970).
- «Известия» (1920). №258. «Кемалисти и Турецкое Правительство». 17 ноябрь. -С.2
- «Известия» (1920). №271. «Мобилизация у Кемалистов». 2 Декабрь. – С. 7
- «Известия» (1920). №291. «Празднества Кемалистов». 25 Декабрь. – С. 9
- «Известия» (1925). №6. «Советско-турецкие культурные и научные связи». Июнь. – С.4
- Kurt E. (1922). Turkish Air Forces in Atatürk Period. Defence. – p.65-71.
- Okur, P. (2021). Poetry November 10.Law,1(1), 1. –P.3.
- «Правда». (1921). «О положении в Турции». 4 январь. – С.3.
- «Правда». (1937).«Предстоящий приезд турецких министров в СССР » Июль 5. №183. – С.4.
- «Правда». (1938). «Речь президента Турции Кемаля Ататюрка». Ноябрь 11. № 311.– С.3.
- «Правда». (1938). «Смерть Кемаля Ататюрка». 11 Ноябрь. № 311. – С.5.
- «Правда». (1938). «В последний час». 13 Ноябрь. №313. – С.1.
- Saral E. (2022). Relations between Turkey and Austria in the First Half of the 20th Century. Vienna: Neue Welt Verlag. – P.76

Yurdigul A. (2019). Erdogan B. Sovyet Basınında Türkiye Ve Türkiye Cumhuriyeti'nin İlanı: Pravda ve İzvestia Gazeteleri Örneği. SUTAD, – S. 273-294.

References

- Aliyeva S. I. (2020). Novyye istochniki o Velikom Natsionalnom Sobranii Turtsii: k stoletiyu otkrytiya VNST [New sources on the Turkish Grand National Assembly: on the centenary of the opening of the TGNA].// Istoriya i sovremennoye mirovozzreniye, T 2. №1, – P.48-55.
- Almizan M. (2019). Türk Basınıının Tarihsel Gelişimi: Başlangıcından Günümüze Türk Basınıının Tarihsel Gelişimi [Historical Development of the Turkish Press: Historical Development of the Turkish Press from the Beginning to the Present].// Dirasat – P.42.
- Aydın Tarihi. (1938). Sayı 60. Mükerrer [Date of the Month, Issue 60 Duplicate]/ Teşrin (Kasım) – P. 20-21.
- Bagiyev A. (2008). Turtsiya v interpretatsii gazety «Pravda» za 1938 god [Turkey in the interpretation of the Pravda newspaper for 1938]. Izvestiya Saratovskogo universiteta. Novaya seriya. Filologicheskiy serial. Zhurnalistika, – P. 68-74.
- Stoun D. R. (2013). Sovetskiy eksport vooruzheniy v 1920-ye gody [Soviet arms exports in the 1920s.].// Zhurnal sovremennoy istorii, 48(1). – P.57-77.
- Değer, Ö. (2022). «Cahit Arf'ın Atatürk Üniversitesi'ndeki (Erzurum) Halk Konferansları» [Cahit Arf's Public Conferences at Atatürk University (Erzurum)].// Osmanlı Bilimi Araştırmaları 23, P – 439-443.
- Duran, A., Çalık Orhun, F. (2017): A Section of Turkish-Hungarian Relations in the Republican Era: Ambassador «Behiç Erkin» to Budapest (1928–1939). Journal of Academic Research 5(46): 560–572.
- Yemelyanova, E. N. (2018). Sovetskaya politika v otnosheniyu k Turtsii i Yuzhnomu Kavkazu v 1920-1921 gg. [Soviet policy towards Turkey and the South Caucasus in 1920-1921 yy.].// Nauchnyy dialog. №9, – P. 238-249.
- Erkmen A. (2022). Atatürk'ün Önderliğinde Tarımın Geliştirilmesi ve Köylülerin Modernizasyonu [Development of Agriculture and Modernization of Peasants under the Leadership of Atatürk].// Uluslararası Modern Bilimsel Araştırma Kongresi – III. İstanbul-Türkiye – P.36.
- Fevzi F. (2021). Atatürk'ün Afganistan'daki İmajı [Ataturk's Image in Afghanistan].// : 9. Uluslararası Atatürk Kongresi, Amasya-Türkiye. – P.73-76.
- Horata Y. (2009). Atatürk Dönemi Kültür Politikası [Atatürk Era Cultural Policy]. Ankara:Maltepe. – P.76.
- «İzvestiya». (1920). June 9. Dokument vneshney politiki SSSR. MID.[Document of the foreign policy of the USSR. MFA] No. 123 (970).
- «İzvestiya». (1920). №258. «Kemalisti i Turetskoye Pravitelstvo» [Kemalists and the Turkish Government]. //17 noyabr. – P.2.
- «İzvestiya» (1920). №271. «Mobilizatsiya u Kemalistov» [Mobilization at the Kemalists].2 Dekabr. – P. 7
- «İzvestiya»7 (1920). №291. «Prazdnestva Kemalistov» [Celebrations of the Kemalists]. 25 Dekabr. – P. 9.
- «İzvestia». (1925). «Sovetsko-turetskiye kulturnyye i nauchnyye svyazi» [Soviet-Turkish cultural and scientific relations]. June. №. 6. – p.4.
- Kurt E. (2022). Turkish Air Forces in Ataturk Period. Defence. – p.65-71.
- Okur P. (2021). Poetry November 10. Law,1(1), 1. –P.3.
- «Pravda» (1921). «O polozhenii v Turtsii» [On the situation in Turkey]. 4 January. – P.3.
- «Pravda» (1937). «Predstoyashchiy priyezd turetskikh ministrov v SSSR» [The forthcoming visit of Turkish ministers to the USSR]. July 5. №183. – P.4.
- «Pravda» (1938). «Rech prezidenta Turtsii Kemalya Ataturka» [Turkish President Kemal Atatürk's Speech]. November 11. №. 311.– P.3.
- «Pravda» (1938). «Smert Kemalya Ataturka» [Death of Kemal Atatürk]. 11 November. №. 311. – P.5.
- «Pravda» (1938). «V posledniy chas» [At the last hour]. 12 November. №. 312. – P.1.
- Saral E. (2022). Relations between Turkey and Austria in the First Half of the 20th Century. Vienna: Neue Welt Verlag. – P.76.
- Yurdigul A. (2019). Erdogan B. Sovyet Basınında Türkiye Ve Türkiye Cumhuriyeti'nin İlanı: Pravda ve İzvestia Gazeteleri Örneği [Announcement of Turkey and the Republic of Turkey in the Soviet Press: The Example of Pravda and Izvestia Newspapers].// SUTAD, – S. 273-294.